

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ БІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

### Нұржан Байдәулетов

#### Директорлар кеңесінің төрағасы

Атқарушы емес директор

##### Сайланған күні

2008 жылғы желтоқсан айы

##### Біліктілігі мен тәжірибесі

1986 жылы Мәскеу мемлекеттік қатынас жолдары және темір жол көлігін жүргізу институтын тәмамдаған. Көлік саласындағы мансап жолы – 30 жылға жуық.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-да 2008 жылы активтерді басқару жөніндегі бас директор, кейіннен басқарушы директор ретінде жұмыс істеп бастағанға дейін көлік және коммуникациялар вице-министрі, Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің Қатынас жолдары комитетінің төрағасы лауазымдарын атқарды. 2012 жылдан бастап 2016 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде «Қазпошта» АҚ және «ҚазақстанТемірЖолы» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болды.

##### Өзге тағайындалулары

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2012 жылдан бастап), «QazaqAir» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2017 жылдан бастап).

### Фани Битенов

#### Атқарушы емес директор

##### Сайланған күні

2017 жылғы қаңтар айы

##### Біліктілігі мен тәжірибесі

Құқық докторы (Doctor of Civil Law), Макгилл университеті (Монреаль қаласы, Канада); құқық магистрі (LLM), Абердин университеті (Абердин қаласы, Ұлыбритания), экономика магистрі (MA), Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты (Алматы қаласы, Қазақстан).

Халықаралық (Bracewell & Giuliani) және қазақстандық заң компанияларында негізгі лауазымдарды атқарды. 2012 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау департаментін басқарды, 2013 жылдан бастап – «Болашақ» консалтингтік тобы» ЖШС директорының орынбасары, 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқармасының мүшесі, құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры.

##### Өзге тағайындалулары

Шанхай халықаралық арбитраж орталығының арбитрі, Қазақстандық мұнай-газ саласы заңгерлері қауымдастығының мүшесі.

### Майлз Уэсткотт

#### Атқарушы емес директор

##### Сайланған күні

2018 жылғы наурыз айы

##### Біліктілігі мен тәжірибесі

Майлз Уэсткотт Бристоль университетінің түлегі болып табылады. Консалтинг, бөлшек сауда және қонақ үй бизнесі салаларын қоса алғанда, бухгалтерия мен қаржы менеджментінде жұмыс тәжірибесі бар.

Майлз Англия мен Уэльстің Дипломды бухгалтерлер институтының мүшесі және Royal Ordnance зейнеткерлік бағдарламасы қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып табылады. 2001 жылы Уэсткотт BAE Systems компаниясына қосылып, содан бері компанияда жердегі, сондай-ақ әуе секторларында бірқатар қаржылық басқарушы лауазымдарды атқарды, ал таяу уақыттан бері әскери әуе күштері бөлімшесінде қаржы директоры лауазымын атқарады. Оның міндеттеріне ұзақ мерзімді, күрделі қорғаныстық келісімшарттарды, шығындарды азайту бағдарламаларын, жүйелерді енгізуді, бизнесті интеграциялауды және Ұлыбритания мен шет елдерде клиенттерді тартуды қаржылық басқару кіреді.

##### Өзге тағайындалулары

2018 жылғы қаңтар айынан бастап BAE Systems компаниялар тобының қаржылық бақылаушысы, сондай-ақ қосылулар мен жұтылулар үшін жауап береді.

##### Комитеттердегі мүшелігі

Т С К

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

##### Комитеттердегі мүшелігі

Ж К

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

##### Комитеттердегі мүшелігі

Т К

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

#### Директорлар кеңесінің комитеттері

- А Аудит жөніндегі комитет  Т Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет
- С Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет  Ж Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет
- Қ Қазынашылық жөніндегі комитет  Баламалы мүше  Комитет Төрағасы

**Алан Фрэйзер****Атқарушы емес директор****Сайланған күні**

2015 жылғы қаңтар айы

**Біліктілігі мен тәжірибесі:**

Стратклайд университетін тәмамдады, бухгалтерлік есеп және экономика саласындағы бакалавр дәрежесі бар, сертификатталған бухгалтер (Глазго). 1989 жылдан бастап – British Aerospace компаниясының қаржы директоры, 1995 жылдан бастап – British Aerospace компаниясының Royal Ordnance Plc еншілес компаниясының қаржы директоры, стратегия жөніндегі директоры. 1998 жылдан бастап – Hecklerand Koch GmbH компаниясының басқарушы директоры. 1999 жылдан бастап 2014 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде BAE Systems компаниясында қосылулар мен жұтылулар жөніндегі директор, аймақтық бөлімшенің стратегия және бизнесті дамыту жөніндегі директоры, басқарушы директор болып жұмыс істеді.

**Өзге тағайындалулары**

Жалпы мақсаттағы авиация нарығына қызмет көрсететін, авиониканы жобалаумен, әзірлеумен және өндірумен айналысатын Trig Avionics Limited компаниясының атқарушы емес директоры. Ол Шотландияның Эдинбург қаласында орналасқан.

**Комитеттердегі мүшелігі**

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

**Дмитрий Ларионов****Тәуелсіз атқарушы емес директор****Сайланған күні**

2008 жылғы сәуір айы

**Біліктілігі мен тәжірибесі:**

Бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі саласындағы жетекші сарапшы, бірқатар біліктіліктері бар: Ұлыбритания Директорлар институтының сертификатталған директоры (CertIoD), Қазақстандық тәуелсіз директорлар қауымдастығының корпоративтік басқару жөніндегі сертификатталған директоры (CCGD). 2003 жылдан бастап 2010 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде – Қазақстан Республикасы Кәсіби бухгалтерлер палатасы төрағасының орынбасары, кеңесінің мүшесі. 2008 жылдан бастап 2010 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде – Халықаралық бухгалтерлер федерациясының даму жөніндегі комитетінің мүшесі. 2008 жылдан бастап 2015 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде – «Қазақтелеком» АҚ тәуелсіз директоры.

**Өзге тағайындалулары**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі консультативтік кеңес мүшесі, «Астана ЭКСПО 2017» ҰҚ» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ тәуелсіз директоры, Дүниежүзілік банктің қаржы есептілігін реформалау орталығының консультанты, «BDO KazakhstanAudit» АҚ телекоммуникациялар жөніндегі халықаралық серіктесі.

**Комитеттердегі мүшелігі**

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

**Лорд Томас Александр Хескет****Тәуелсіз атқарушы емес директор****Сайланған күні**

2007 жылғы қараша айы

**Біліктілігі мен тәжірибесі:**

Мемлекеттік қызметте және халықаралық бизнес саласында ұзақ және табысты мансап жолынан өткен. 1990 жылдан бастап – Ұлыбританияның сауда және индустрия департаментінің индустрия министрі. 1991 жылдан бастап 1993 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде – патшайымның құрметті қарауылының капитаны, Парламенттің лордтар палатасының бас партиялық ұйымдастырушысы, Ұлыбритания Құпия кеңесінің мүшесі. Содан соң British Mediterranean Airways әуе компаниясының төрағасы (2007 жылға дейін қоса алғанда), сондай-ақ Babcock International компаниясы төрағасының атқарушы емес орынбасары (2010 жылға дейін қоса алғанда) лауазымдарын атқарды.

2004-2005 жылдарда – Ұлыбритания Консервативтік партиясының қазынашысы.

**Өзге тағайындалулары**

жоқ

**Комитеттердегі мүшелігі**

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.